

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 754 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
П р е з и д е н т і		
Н.Ә. Назарбаевқа		

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсынысқа түсіндірме жазба

1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға 2012 жылғы 7 маусымда Астана қаласында Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары барысында қол
қ о ю ж о с п а р л а н ы п о т ы р .

Хаттаманың мақсаты 1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарттың қолданылу мерзімін ұзарту және кейбір баптарын жаңарту мен оған өзекті сипат беру бойынша өзгерістер енгізу болып табылады.

Хаттамаға қол қою Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарын одан әрі нығайтуға және өзара іс-қимылдың барлық саласындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал
е т е т і н б о л а д ы .

Жоғарыда аталғанның негізінде Қазақстан Республикасының Үкіметі 1992 жылғы 25 мамырдағы Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы ұсынысты Сіздің қарауыңызға енгізеді.

Премьер-Министрі
Жоба

Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов

**1992 жылғы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы
ХАТТАМА**

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасы мен Ресей
Ф е д е р а ц и я с ы
қазіргі заманның объективті шындығын, өңірлік және жаһандық қауіпсіздіктің жаңа
қыр көрсетулері мен қауіп-қатерлерін, сондай-ақ өңірлік интеграциялық бірлестіктерді
қ а л ы п т а с т ы р у д ы е с к е р е о т ы р ы п ,
екіжақты ынтымақтастықтың шарттық-құқықтық негізін жетілдіруге ниет білдіре
о т ы р ы п ,
екіжақты өзара іс-қимылдың барлық спектрі бойынша стратегиялық әріптестік пен
одақтастық қатынастарды одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып,
1992 жылғы 25 мамырда Мәскеу қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасы
мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы
шарттың (бұдан әрі - Шарт) базалық принциптерін растай отырып,
Шарттың 37-бабына сәйкес әрекет ете отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Шартқа мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) к і р і с п е д е :
т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

«Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі Кеңес» деген сөздер «
Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ)» деген сөздермен
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

төртінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«қандай да болмасын бөлу сызықтарының болмауын қоса алғанда, келісілген
принциптерге, бірлескен міндеттемелер мен ортақ мақсаттарға негізделген еркін,
демократиялық, ортақ және бөлінбейтін еуроатлантикалық және еуразиялық қауіпсіздік
қоғамдастығын қалыптастыру идеясын ілгерілетуге өзінің бел байлағаны туралы
м ә л і м д е й о т ы р ы п , » ;

бесінші абзац алтыншы абзац деп есептелсін және мынадай редакцияда жазылсын:

«Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық қоғамдастық, Кеден одағы, Біртұтас экономикалық кеңістік, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы (ҰҚШҰ), Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шеңберіндегі бірлескен уағдаластықтарды ескере отырып,»;

2) 5-бап мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын: «Тараптар ҰҚШҰ шеңберінде ұжымдық қауіпсіздікті және дағдарысты жағдайларға ден қоюды қамтамасыз етудің пәрменді жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірлескен шаралар қ а б ы л д а й д ы . » ;

3) 7-баптың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Уағдаласушы Мәртебелі Тараптар келісілген әскери бағдарламаларды қаржыландырылуды қоса алғанда үйлестірілген әскери-техникалық саясат жүргізіп, өз қарулы күштерін жаңғырту және реформалау, оларды қазіргі заманғы қару-жарақпен және әскери техникамен жабдықтау, олардың жауынгерлік әзірлігін арттыру мәселелерінде, сондай-ақ осы саладағы өзара мүдделілік тудыратын басқа бағыттар бойынша белсенді өзара іс-қимыл жасайды.»;

4) 8-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«8-бап

Уағдаласушы Мәртебелі Тараптар жаппай қырып-жою қаруының барлық түрлерін және оларды жеткізу құралдарын таратпау саласындағы халықаралық шарттарды бұлжытпай орындау ісінде өзара іс-қимыл жасайтын болады.»;

1 2 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «ЕХЫК жөніндегі міндеттемелерге» деген сөздер «ЕҚЫҰ жөніндегі міндеттемелерге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Тараптар екінші Уағдаласушы Мәртебелі Тараптың аумағында тұратын өз азаматтарының құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді.»;

6) 13-бап мынадай редакцияда жазылсын:
«13-бап

Уағдаласушы Мәртебелі Тараптар өздерінің арасындағы шекараның ашықтығы принципін ұстана отырып, екі мемлекет азаматтарының еркін жүріп-тұруын және Тараптар азаматтарының үшінші елдерге келуі және осындай елдерден кетуі үшін ортақ режимді өзара қамтамасыз етуді қоса алғанда, көші-қон процестерін реттеу жөніндегі келісілген шаралар кешенін әзірлеу және жүзеге асыру қажет деп таниды.»;

7) 16-баптың екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын;
8) мынадай мазмұндағы 17.1-баппен толықтырылсын:
«17.1-бап

Уағдаласушы Мәртебелі Тараптар Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісілген уағдаластықтардың негізінде экономикалық интеграцияның одан әрі

9) 34-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«34-бап

Уағдаласушы Мәртебелі Тараптар ұйымдасқан қылмысқа, оның ішінде халықаралық қылмысқа, терроризмге және экстремизмнің өзге көріністеріне, жаппай қырып-жою қаруын таратуға, қарақшылыққа, нашақорлыққа, сондай-ақ есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және олардың прекурсорларын, қару-жарақ пен контрабанданы заңсыз айналысқа түсіруге және мәдени игіліктерді заңсыз әкетуге, теңізде кеме жүзуінің және азаматтық авиацияның қауіпсіздігіне қарсы бағытталған актілерге, заңсыз көші-қонға, соның ішінде жеке тұлғалардың өз аумағы арқылы заңсыз орын ауыстыруына, адам саудасына қарсы күресте, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықты кеңейтіп, тереңдететін болады.

Тараптар өздерінің атап көрсетілген әрекеттердің, актілер мен құбылыстардың қатеріне қарсы әрекет жасау және оларды бейтараптандыру тетіктерінің тиімділігін арттыруға бағытталған күш-жігерін үйлестіреді және біріктіреді.»;

10) 40-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Егер Тараптардың біреуі ағымдағы он жылдық кезең өтерден кемінде алты ай бұрын оның күшін жойғысы келетінін жазбаша түрде хабарлау жолымен мәлімдемесе, оның күші өздігінен келесі он жылдық кезеңдерге ұзартылатын болады.».

2-бап

Осы Хаттама Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады және ратификациялауға ж а т а д ы .

Осы Хаттама ратификациялау грамоталарымен алмасқан күні күшіне енеді.

Осы Хаттама Шарттың қолданысының тоқтатылуымен бір мезгілде қолданысын тоқтатады.

2012 жылғы « » _____ қаласында әрқайсысы екі данада қазақ және орыс тілдерінде жасалды әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасы
үшін

Ресей Федерациясы

үшін